Әділет

# Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 3 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласы әділет басқармасында № 9-1-97 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 42 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009.01.13 № 42 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20-баптарының, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2008 жылы кәсіпорындардың қажеттілігіне сәйкес қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбелері, жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемдері бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Рубинский В.И.) жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жібергенде осы қаулыны басшылыққа алсын.

3. "Қостанай қаласы әкімиятының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ( Кураева Л.С.) 451-002-100 "Қоғамдық жұмыстар" бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыруды жүзеге асырсын.

4. "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы № 151 (тіркеу нөмірі 9-1-65, 2007 жылғы 20 ақпандағы № 14 "Қостанай" газеті, "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2007 жылғы 23 қаңтардағы № 151 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2007 жылғы 26 сәуірдегі № 1038 қаулысымен, тіркеу нөмірі 9-1-80, "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2007 жылғы 23 қаңтардағы № 151 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2007 жылғы 08 мамырдағы № 1958 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, тіркеу нөмірі 9-1-90, 2007 жылғы 20 қыркүйектегі № 74 "Қостанай" газеті") қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қостанай қаласы әкімінің

орынбасары Х. Ержановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*КЕЛІСІЛДІ*

Қостанай қаласы әкімдігінің
2008 жылғы 3 қаңтарда
№ 3 қаулысымен бекітілген

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2008.05.06 № 1129 қаулысымен.

## Жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері, ұйымдардың ТІЗБЕСІ

| | Ұйымның атауы | Жұмыс пен қызметтің түрлері | Орындалатын жұмыспен қызметтің көлемі: | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Нақты көрсет-кіштерде | Адам күні |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Қостанай қаласы әкімдігінің "Тазалық 2000" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Қала аумақтарын батпақтану, қолмен тазарту, қоқыстан, қардан, қатқан қардан қолмен тазарту. Аялдама алаңдарын қоқыс пен қардан тазарту. Тротуар секторларын тазарту, жол жүру бөлігінде жол жиегіндегі тас түрдегі қоршауды ақтау, қоғамды шабу | 28041050 шаршы метр | 12160 |
| 2 | Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Бау-бақша учаскелерінің алаңын өлшеу.<br>Тұрғын үйде тұрған фактісі жөнінде актілерді жасауына қатысу<br>Ескертулерді, сотқа шақыру қағаздарын және бұйрықтарды беру | 150000 шаршы метр<br>3000 дана<br>7525 дана | 3225 |
| 3 | Қостанай қаласы әкімдігінің "Теркомодағы" | Текстильный, Западный, Элеваторный, Южный шағын аудандарды ағымдағы күтіп ұстау:<br>шағын аудандардың орталық көшелерін, саябақтарды және кірме топтарын күнде санитарлық тазалау (қолмен сыпыру)<br>шағын аудандардың кірме топтарындағы және орталық көшелеріндегі қоқысты үнемі қолмен жинау<br>қоқысты, құмды, жапырақты үнемі тиеу және шығару<br>жол жиегіндегі тасты мезгілімен тазалау және ақтау | 926600 шаршы метр<br>926600 шаршы метр<br>260 тонна<br>39000 қума метр<br>75800 шаршы метр | 6275 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | көшелер мен саябақтардағы арам шөпті қолмен шабу (маусымына төрт рет)<br>арам шөпті қолмен тиеу және шығару ( маусымына төрт рет)<br>шағын аудандардың кірме топтарындағы және орталық көшелеріндегі қатқан мұзды күнде ою және тазарту<br>қатқан мұзды күнде қолмен тиеу және шығару | 7 тонна<br>8130 шаршы метр<br>50 тонна | |
| 4 | Қостанай қаласы әкімдігінің "Мәдениет және демалыс паркі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Тобылдың жағасындағы саябақ пен жағажай аумақтарын ағымдағы күтіп ұстау: тротуарларды қардан үнемі тазарту<br>жол жиегіндегі тасты үнемі ақтау<br>күнде қоқысты жинау<br>шөп шабу (маусымына төрт рет)<br>құмды қопсыту (аптасына үш рет)<br>әжетхананы жинау (аптасына үш рет)<br>әжетхананы ақтау (айына бір рет)<br>Орталық саябақты ағымдағы күтіп ұстау:<br>былтырғы жапырақты жинап шығару<br>қоқысты үнемі жинап шығару<br>шөп шабу (маусымына төрт рет)<br>жол жиегіндегі тасты мезгілімен ақтау<br>ағаштар мен бұтақтарды үнемі кесу | 290 текше метр<br>4500 қума метр<br>135000 шаршы метр<br>42000 шаршы метр<br>70 гектар<br>1120 шаршы метр<br>102 шаршы метр<br>8370 шаршы метр<br>580 текше метр<br>18000 шаршы метр<br>8000 қума метр<br>2400 дана | 7620 |
| 5 | Қостанай қаласы әкімдігінің "Тұрғын үй-пайдалану қызметі"» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Аумақты және жертөле жайларын үнемі жинау<br>Үйлердің төбелерін мезгілімен жинау | 274900 шаршы метр<br>8600 шаршы метр | 7530 |
| 6 | "Шебер"» коммерциялық фирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Көшелер мен пайдалану жерлерін кездейсоқ және ірі қоқыстан қолмен тазарту<br>жол жиенгіндегі бөлігін қардан, қатқан мұздан, батпақтану, шаңнан, қоқыстан үнемі қолмен жинау, қоғалдарды шабу;<br>жол жиегіндегі тасты ақтау | 13835500 шаршы метр | 6080 |
| 7 | "Қостанай ЭнергоОрталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Есептеу аспаптардың көрсеткіштерін ай сайын жазып алу Электрқуатына уақытында ақы төлеу жөнінде ескертулер беру | ай сайын 30773 абоненті | 6080 |
| 8 | "Қостанай облысы Қостанай облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау департаментінің Қостанай перзентханасы" | Бас корпустың жертөле жайларын және шаруашылық ғимаратын жинау<br>Көкөністерді сақтау және электрлік тораптар үй-жайында жинау<br>Қосалқы жайларды жинау | 1600 шаршы метр<br>200 шаршы метр<br>100 шаршы метр<br>8000 шаршы | 308 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Перзентхана аумағындағы шөпті маусымына екі рет шабу<br>Қоқыс пен темір сынықтарын шығару | м е т р<br>18 тонна | |
| 12 | "Көмек" қоғамдық қоры | Жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісінен сақтандыру жөніндегі жұмысты тәуекел топтарында ұйымдастыру:<br>қолданылған шприцтерді, кейін оларды отқа жағып жіберуімен, айналымнан шығаруымен шприцтерді айырбастау<br>сақтандырғыш қорғану құралдарын беру<br>ақпараттық-білімділік арнайы сақтандырғыш әдебиеттерін беру | 180000 дана<br>16000 дана<br>1500 дана | 1450 |
| 10 | "Қостанай облысы Қостанай облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау департаментінің Қостанай қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Чердак және жертөле жайларын тазарту:<br>чердак және жертөле жайларынан қоқысты шығару<br>аурухана аумағынан қоқысты жинап шығару<br>Жол жиегін ай сайын ақтау<br>қоршауды сырлау<br>Қалалық аурухананың аумағын және оның айналасындағы учаскелерін жинау<br>кәріз құдықтарын тазарту<br>спорт алаңын жайластыру<br>Бұталарды кесу<br>Халықтың әлеуметтік қорғалмайтын жіктерімен жұмыс жасау:<br>жеке куәліктерін, интернат-үйлеріне орналастыру үшін құжаттарды ресімдеу | 1,5 тонна ай сайын<br>45 тонна<br>500 шаршы метр<br>500 шаршы метр<br>300 қума метр<br>15000 шаршы метр<br>800 шаршы метр<br>800 дана<br>1350<br>40 адам | 880 |
| 11 | "Қостанай» халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамы | Жағар-жанармай материалдар қоймасының аумағын кепкен шөптен жинау Шабу және шабылған шөпті жинау Резервуарлық паркін опыту бойынша жұмыс | 115120 шаршы метр | 1540 |
| 12 | "Надежда-С" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Күнде санитарлық тазалау (қолмен сыпыру) және Дулатов-Лермонтов көшелеріндегі қоқысты жинау.<br>Қоқысты,құмды, жапырақтарды көлмен теп шығару.<br>Жол жиенгідегі тасты үнемі тазалау және ақтау.<br>Арам шөпті мерзімімен қолмен шабу | 750100 шаршы метр<br>200 тонна<br>25000 қума метр<br>69500 шаршы метр | |
| 13 | "Қостанайзеленстрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Көшелер мен жалпы пайдалану жерлерін кездейсоқ және ірі қоқыстан қолмен тазарту Жол жиегіндегі бөлігін қардан, қатқан мұздан, батпақтану шаңнан, қоқыстан үнемі қолмен жинау, қоғалдарды шабу, жол жиегіндегі тасты ақтау | 11083600 шаршы метр | 6080 |
| 14 | "Қостанайқаласы әкімдігінің білім беру және спорт бөлімінің Спорт сарайы" мемлекеттік | Аумақты қардан, қатқан мұздан, батпақтану, шаңнан, қоқыстан күнде қолмен жинау. | 8300 шаршы метр | 454 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Жол жиенгіндегі тасты мезгілімен ақтау. Үйлердің төбелерін қардан мезгілімен жинау | 4200 шаршы метр | |
| 15 | "СПЛАВ-Н" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Ағаштан жасалған қоршаулар, балалар алаңдарын (құм алаңы, "грибоктар"), есік, терезе блоктарын жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу. Плинтустарды, обналичкаларды, вагонкаларды жасау, ағаш құрылымдарын әрлеу, қырып тегістеу, сырлау. | 1500 қума метр<br>15 дана<br>150 шаршы метр<br>5500 қума метр | 1216 |
| 16 | Қостанай қаласы әкімиятының "Стикс" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Көшелер мен жалпы пайдалану жерлерін үнемі жинау | 75000 шаршы метр | 1950 |
| 17 | "АБЗ плюс" жауапкер шілігі шектеулі серіктес тігі | Жолдар мен тротуарларды ағымдағы күтіп ұстау, үнемі және мезгілімен жинау<br>Жол жиегіндегі бөлігін үнемі, мезгілімен, қолмен жинау<br>Жол жиегіндегі тасты үнемі, мезгілімен, қолмен ақтау<br>Автокөлікке тиеп, көгалдарды қоқыстан, жапырақтан және бұталардан үнемі және мезгілімен жинау | 10728 қума метр<br>2556 қума метр<br>9198 шаршы метр<br>102 тонна | 10920 |
| 18 | "Жасыл Ел-К" жауапкер шілігі шектеулі серіктес тігі | Энергетиков, Абай, Гашек, Волынов, Ворошилов көшелерін ағымдағы күтіп ұстау<br>Көшелерді, тротуарларды, аялдамалар мен сауыттарды үнемі қолмен жинау<br>Қоқысты үнемі қолмен жинау<br>Қоқысты үнемі қолмен тиеу<br>Жол жиегіндегі тасты үнемі қолмен тазалау және ақтау | 720000 шаршы метр<br>720000 шаршы метр<br>200 тонна<br>30000 қума метр | 9800 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК